

Ақсу қалалық мәслихатының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі "Ақсу қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" № 387/49 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 174/21 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қаңтарда № 5811 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қалалық мәслихатының 2015 жылғы 17 қыркүйектегі "Ақсу қалалық мәслихатының регламентін бекіту туралы" № 387/49 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4746 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 қазанда "Ақсу жолы" және "Новый путь" газеттерінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихат аппаратының басшысы Н. Қ а б и д е н о в а ғ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, қалалық
мәслихаттың хатшысы*

М. Омарғалиев